

437
ISSN 1727-0537

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им.С.ТОРАЙГЫРОВА



4'2003

ӨЛКЕТАНУ КРАЕВЕДЕНИЕ



АКАДЕМИК Ж.М. ӘБДІЛДИН – 70 ЖАСТА

Қ.Ф.ЗАҒЫПАРОВ, Б.Ә.КҮЛЕНОВ

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Бұл мақалада көрнекті ғалым, қоғам қайраткері біздің жерлесіміз академик Ж.М. Әбділдиннің ғылыми-педагогикалық және қоғамдық-саяси қызметі туралы айтылады.

В этой статье освещается научно-педагогическая и общественно-политическая деятельность видного ученого, общественного деятеля нашего земляка академика Ж.М. Абдильдина.

The article is concerned with scientific-pedagogical and social-political activities of the outstanding scientist, statesman, academician and countryman Abdildin Zh.M.

Аса көрнекті философ, академик, қоғам қайраткері Жабайхан Мүбәрәқұлы Әбділдин тарихымыздың ең бір қысталаң кезеңінде 16 ақпан 1933 жылы Павлодар облысы Май ауданының Майтүбек ауылында мал дәрігерінің жанұясында дүниеге келген. Отызыншы жылдардағы аштықты, соғыс жылдарындағы қасіретті, одан кейінгі қилы кезендер-

ден өтіп, ер жеткен ауыл баласы ғылымның қиын да қызғылықты саласы философияны таңдап, сол ғылымның көш басшысы болады деп кім ойлады екен? Журналистерге берген сұхбатында Ж. Мүбәрәқұлы өзінің философиямен айналасуына түрткі болған – Зылиха әжесінен естіген халықтың аңыз әңгімелері, қиссалары, жырлары – деген еді. Сонымен бірге, Ертіс өңірінің тамаша табиғаты дүниеге эстетикалық қатынастың қалыптасуына, творчестволық сезімінің ерте оянуына әсер еткендігін философ жылы сезіммен еске алады.

Философияның бір бастауы – халық даналығы. Даналық ерекше білімдердің, яғни сыртқы және ішкі дүниелердің бастаулары және айрықша сипаттамалары туралы білімдердің жиынтығы. Философияны ежелгі грек ойшылдары «даналыққа құштарлық» деп білген. Философия – даналықтың өзі емес, соған деген ынта, ізденіс, толғаныс. Ендеше, философия ең алдымен интеллектуалды іс, қызмет. Оны игеру үшін адамзаттың екі жарым мың

АТАҚТЫ АДАМДАР ӨМІРІНЕН

жылдай жинақталған философиялық мұраларымен таныс болуы керек. Адамгершілік – адамның өз-өзіне жол табуы десек, онда ол жолды адам өзі таңдайды. Ж. Әбділдиннің таңдауы – Қазақ университетінің философия факультеті. Студент кезінде «Тіл мен ойдың өзара қатынасы туралы» алғашқы еңбегін жазады. Осы тақырыптың төңірегінде диплом жазып қорғағаннан кейін Мәскеу университетінде оқып, 1958 жылы «Нақты ғылымдардың гносеологиялық ролі» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғап, Қазақстандағы саусақпен санарлық кәсіби философтардың қатарын толтырады. Ол кезек бетбұрыс немесе «жылымық» кезені деп атанған Кеңестер одағы КП-ның XX съезімен тұспа-тұс келді.

1959 жылы Мәскеуде, Киевте диалектикалық логиканың мәселелерімен айналысатын топтар құрылды. Осындай топ Алматыда да сол жылы құрылған болатын. Оны ұйымдастырушы және негізгі ұйтқышысы Ж. Әбділдин еді. Философияның басқа да проблемалары бар емес пе, неге диалектикалық логикамен айналысқан деген сұрақ тууы мүмкін. Даналықтың ежелгі формасы – диалектика саясаттың ықпалына көнбейтін философияның фундаментальды мәселелерінің бірі. Сондықтан да Ж.Әбділдиннің барлық еңбектері бір мақсатқа бағындырылған, яғни диалектика теориясын танымның логи-

касы және методологиясы ретінде негіздеу және дамыту. 1963 жылы Ж.Әбділдиннің жетекшілігімен «Диалектика және таным теориясының проблемалары» атаулы еңбек жазылғаннан кейін жас ғалымдардың есімдері бүкіл одаққа белгілі болды. 1967 жылы өзінің алғашқы сүбелі еңбегі «Теориялық танымдағы түп негіз мәселесі» шығып, философиялық жұртшылықтың жақсы бағасын алды. Осы монография негізінде Ж.Әбділдин 1968 жылы КСРО Ғылым Академиясының философия институтында докторлық диссертация қорғады. Алда, әлі алынар асулар тұрғанымен осы еңбектің Қазақстандағы диалектикалық логика мектебінің қалыптасуына тигізген игі әсерін айтпауға болмайды.

Академикті білушілер оның өзгермейтін бірқалыптылығы, қарапайымдылығымен қатар әріптестерінің қабілет – қасиетін тап басып тануын көп айтады. 1973 жылы Әбдімәлік Нысанбаевпен бірігіп жазған «Теория құрудың диалектикалық принциптері» атаулы кітабы шығады. 1974 жылы Ә.С.Балғынбаевпен бірігіп жазған «Ғылыми танымдағы субъект белсенділігінің диалектикасы» деген монография шығады. Сол жылы И.Канттың туғанына 250 жыл толғанына байланысты «Кант диалектикасы» монографиясын шығарып үлгерді. Бұл еңбек Канттанудағы Қазақстан ғылымы-

ЖИЗНЬ ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫХ ЛЮДЕЙ

ның қосқан үлесі деп бағаланды. 1975 жылы «Қазіргі ғылымдағы қайшылық принципі» атты еңбекті әріптестер ұжымымен, ал 1981 жылы К.Әбішевпен «Практикалық іс-әрекет барысында ойлаудың логикалық қатарының қалыптасуы» деген еңбектері шықты. Ондаған мақалалар орталық және жергілікті журналдарда жарияланып жатты. Аталған еңбектерге көрнекті философтар Б.М.Кедров, В.Лекторский, Э.В.Ильенков өздерінің пікірлерін, жылы лебіздерін білдірді. 1980-90 жылдардың аралығында өзінің және әріптестерінің жазған еңбектерінің нәтижесі «Диалектикалық логика» деген атпен бес томдық топтама болып жарыққа шықты.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының философия институтына кіші ғылыми қызметкер болып ғылыми өмірін бастаған Ж. Әбділдин 1973-84 жылдары аралығында осы институттың директоры қызметін атқарды. 1983 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының толық мүшесі болып сайланады. Академияның қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің жұмысына белсене араласып, оның академик-хатшысы болды. 1968 жылдан осы Академияның вице-президенті қызметін атқарды. Қазақстанда философия кадрларын дайындаудағы сан қырлы педагогтық қызметі өз алдына бір төбе. Тұңғыш қазақ энциклопедиясының бас редакцияның

мүшесі және кеңесшісі ретіндегі қызметін де айтып өткеніміз жөн.

Ғалымдарды шартты түрде үш топқа бөлетін болсақ, олардың біріншілері – ғылымды ұйымдастырушылар; екіншілер – жасаушылар; ал үшіншілері – екеуін де қатар алып жүрушілер. Сол сирек кездесетін соңғы топқа, қазақ философиясын әлемдік дәрежеге көтере білген, артынан ерген шәкірттеріне қамқоршы болып соларды бір мақсат төңірегіне ұйымдастырып басын қоса білген Жабайхан Әбділдиннің жататынын ешкім жоққа шығара алмайды. Оның жетекшілігімен 15 докторлық, 40-тан астам кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Ж. Әбділдин бірыңғай теориялық проблемалармен шектелмей, қазақ мәдениетінің проблемаларын назарынан тыс қалдырмай дер кезінде үн қосып отырды. Дәуір, заман тынысын тап басып танытатын дәстүрлі қазақ мәдениетінің арғы-бергі түп тамырын зерттеуге арналған, белгілі тарихи тұлғалар туралы еңбектер жазды. Дүние жүзі мәдениетінің дамуына із қалдырған шығыстың «бірінші философы» туралы «Әл-Фарабидің логикасы мен таным теориясы» еңбегін жариялады. Шоқан, Абай туралы мақалаларында қалыптасып қалған «ағартушылық» идеясының аясын кеңейтіп, олардың шығармашылығына диалектикалық тұрғыдан баға беріп, тың пікір айта

АТАҚТЫ АДАМДАР ӨМІРІНЕН

білді. М. Әуезов, Ш. Айтматов творчествосына арналған зерттеулерінде философ-ғалым көркемдік және ғылыми таным көрінісінің сабақтастығына айрықша көңіл бөледі. Қазақтардың дүниетанымының маңызды ұғымдары, жалпы көшпенділер құндылықтары «Ұлы дала қазақтарының дәстүрлі дүние қабылдауы» деген мақалада кеңінен талданады.

Атақты ғалым, Қазақстан философиясының көш басшысы, академик Ж.М.Әбділдин тек ғылым, білім адамы ғана емес, ол сонымен қатар үлкен қоғам және мемлекет қайраткері ретінде де зиялы қауымға және бүкіл көпшілікке белгілі. 1987-1988 жылдары сонау 20-30 жылдары кенестік заманда жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті өкілдерін ақтау комиссиясының төрағасы есебінде Қазақстан Компартиясы ОК бюросында байсалды баяндама жасап, оның кейбір кертартпа мүшелерінің қарсылығына қарамастан, комиссияның пікірін батылдықпен қорғап шығып, халқымызға Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты арыстарымызды қайтарды. Осының өзін ерекше азаматтық ерлік деп қарауға болады. Сол сияқты жаңағы комиссия Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1930-1951 жылдар арасындағы барлық қаулыларын қайта қарап, олардағы М.Әуез-

зов, С.Мұқанов және басқа да ірі тұлғалар атына таңылған буржуазиялық ұлтшылдық пен өзгедей жалған кінәлардан толығымен тазартты.

Академик Ж.Әбділдин республикамыздың өзі сияқты қоғамдық ғылымдардың көрнекті өкілдері С.Зиманов, С.Сартаев, М.Қозыбаев және басқаларымен бірге Қазақстанның суверенитеті туралы Декларацияның дайындалып қабылдануына, республикамыздың ұлттық мемлекет және оның унитарлы болуы керектігін, ал мемлекеттік тілге қазақ тілі есептелуі керектігін көптеген айтыс-тартыстарда, теориялық дискуссияларда жан-жақты негізделуіне сүбелі үлес қосты.

Қазақстан Республикасының егеменді, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу және даму кезеңінде Ж.Әбділдин Жоғарғы Кеңестің депутаты және Сенат депутаты ретінде қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани мәселелерін шешуге үнемі ат салысып жүр. Халық қалаулысы ретінде Жабайхан Мүбәрәкұлы әрқашан еліміздегі ұлттардың бірлігі мен тұтастығын, ғылым мен мәдениеттің дамуын, табиғат пен қоршаған ортаны қорғауды, тіліміздің мемлекеттік мәртебесін жақтап, өзінің өткір пікірлерін, салиқалы ойларын ортаға салып жүзеге асыруға тырысады.

1995 жылдан бері Ж.Әбділдин ҚР Парламенті Сенатының Халықа-

ралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болып сайланды. Осы қызметте ол ОБСЕ, ТМД Парламенттері ассамблеясы, Парламенттік Одақ, Парламенттік комиссия т.б. халықаралық ұйымдардың жұмысына белсене араласып, отандық мәселелермен қатар мемлекетаралық, әлемдік мәндегі проблемаларды талдауға, шешуге терең білімін, мол тәжірибесін, күш-қуатын жұмсап жүр. Ол Парламент делегациясының жетекшісі ретінде Австрияда, Германияда, Румынияда, Польшада және т.б. елдерде болып, олардың Қазақстанмен экономикалық, мәдени, ғылыми байланыстарды дамыту, кеңейту жолында аянбай еңбек етуде. Сол сияқты Президентіміз Н.Ә. Назарбаев бастаған қазақстандық делегациялар құрамында Жапония, Австралия, Индия, Иран т.б. мемлекеттерге де барып, Отанымыздың дүниежүзілік қауымдастықта өз орынын алуға, абыройын асыруға, салмағын арттыруға ат салысты.

90-жылдардың ортасында Жабайхан Мүбәрәкұлы ОБСЕ және ТМД Парламентаралық ассамблеяның мүшесі ретінде Санкт-Петербургте жүргенде қалада белгісіз себептермен Жамбыл атындағы көшенің аты өзгертіліп және Әлия Молдағұлованың мұражайы жабылғанын байқайды. Осыған байланысты ол Санкт-Петербургтің сол кездегі мэрі А.Собчакта болып, оның орынбаса-

рымен әңгімелеседі. Кейін бірнеше айлардан соң қалаға келгенде көшенің бұрынғы Жамбыл аты қайтарылғаны және Әлияның мұражайының қалпына келтірілгені белгілі болады. Бұл мәселені шешкен А.Собчактың орынбасары Ресейдің болашақ Президенті В.В. Путин еді. Міне осы бір фактінің өзі Ж.Мүбәрәкұлының азаматтық позициясының айқын бір көрінісі еді.

Соңғы 6 жыл бойы Ж.М.Әбділдин Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы адам құқығы жөніндегі комиссияның төрағасы қызметін атқаруда, бұл бағытта да көптеген істердің басы қасында жүр. Аталған комиссия республика бойынша адам құқықтарының жағдайы туралы Президентке жыл сайын есеп беріп, сонымен қатар БҰҰ-ның адамдар құқықтары жөніндегі Женевадағы арнаулы комиссияға әр жылда есеп дайындап, көп проблемаларды қозғап, шешіп жатады. Республика тұрғындарының арыз-шағымдарын қарап, тиісті органдарға керек шараларды қабылдауға ұсыныстарын жібереді. Осы комиссияның инициативасы бойынша республикада Омбудсмен институты құрылып, адам құқықтарының көптеген мәселелері сонда шешілуге мүмкіншілік жасалынып отыр.

Жалпы алғанда, Ж.М.Әбділдин аса ірі ғалым, үлкен қоғам қайраткері, белгілі саясаткер және абзал

АТАҚТЫ АДАМДАР ӨМІРІНЕН

азамат ретінде білімін, мол тәжірибесін, күш-жігерін Отанының, туған халқының игілігіне, олардың өсуіне, көркеюіне, гүлденуіне жұмсап келеді. Оның ғылыми және қоғамдық-саяси қызметтері жоғары бағаланып, ол Мемлекеттік сыйлық, Президенттік бейбітшілік және рухани келісім, Ш.Уалиханов атындағы сыйлықтарға ие болды, II дәрежелі «Ба-

рыс», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды.

Отанына, халқына жан-тәнімен беріліп, баянды қызмет жасап келе жатқан жерлесіміз, академик Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдинге әрі қарай да ғылыми-педагогикалық, саяси-қоғамдық қызметтерде жаңа, мол жемістер мен табыстар тілейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж. Абдильдин. Собр. соч.: в 5 т. Алматы. 2002

2. А. Айтжанов. Өмір философиясы. «Егемен Қазақстан», 31 қаңтар 2003 жыл.

3. В.Махин. Жизнь, посвященная науке. «Қазақстанская правда», 1 февраля 2003г.

4. А. Айтжанов. Парасат биігінен. «Қазақ әдебиеті», 7 ақпан 2003ж.

5. Е.Арын, А.Нұхұлы. Іскерлігімен танылған талапты тұлға. «Сарыарқа самалы», 13 ақпан 2003ж.

6. А.Нысанбаев. Философ, политик, гражданин... «Казахстанская правда», 15 февраля 2003 г.

7. К.Марданов. Личность и творчество. «Звезда Прииртышья», 27 мая 2003 г.